

Райымбек ауданы жерлерін аймаққа бөлу жобасы (схемасы) негізінде жер салығының базалық ставкаларын ықшамдаудың нақты мөлшерін бекіту туралы

Күші жойған

Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2010 жылғы 08 ақпандағы N 34-169 шешімі. Алматы облысы Райымбек ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 наурызда N 2-15-83 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпандағы № 55-286 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 05.02.2016 № 55-286 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 – бабы 1 – тармағы 14),15) – тармақшаларының және Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 387 – бабының негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жер салығының ставкалары салық Кодексінің 378,379,381,383 – баптарында белгіленген жер салығының базалық ставкалары 35 пайызға ұлғайтылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихат	
сессиясының төрағасы	Т. Нүсіпқожаев
Аудандық мәслихат	
хатшысы	Ұ. Әбек